

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 2 Нормативтік қаулысы

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мына нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы" 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 6, 2017 жылғы 31 наурыздағы № 3 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге):

1) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды толық көлемде өтеткізуге, моральдық зиянның салдарын жойғызуға ҚПК-нің 38-бабында аталған адамдардың құқығы бар.

Құқықтарды қалпына келтіру тәртібін түсіндіретін хабарлама алынған күннен бастап алты ай ішінде жіберілген қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы талапты сот ҚПК-нің 40-бабында көзделген тәртіппен қарайды.

Егер мүліктік зиянды өтеу туралы талапты беруге алты айлық мерзім өткізіп алынса және қалпына келтірілмесе, онда адам азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талап қоюлар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен ғана қойылуы мүмкін.

Соттар талап қоюларды қараған кезде мүліктік және моральдық зиянды өтеткізу құқығы қылмыстық процесті жүргізетін органдардың және олардың нақты лауазымды адамдарының кінәсіне қарамастан, мемлекеттің жауапкершілігі негізінде туындайтынын және зиян бюджет қаражатынан өтелетінін негізге алуы қажет.";

2) мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Азаптаулар және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істерді қарау кезінде жәбірленушінің (ал қылмыс салдарынан ол қайтыс болған жағдайда – заңға сәйкес жәбірленушінің құқығын жүзеге асыратын адамдар) материалдық, сондай-ақ моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талап қоюы сотқа

дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап және сот тергеуі аяқталғанға дейін қойылуы мүмкін.

Азаматтық талап қою тікелей күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе олардың әрекеті немесе есі дұрыс емес адамның әрекеті үшін жауапкершілік жүктелген адамдарға қойылады.

ҚПК-нің 168-бабына сәйкес азаматтық талап қою қылмыстық іспен бірге қаралады. Азаматтық талап қою бойынша шешім үкімнің қарар бөлігінде көрсетіледі. Соттың азаматтық талап қою бойынша қабылдаған шешімінің уәждері үкімнің уәждеу бөлігінде міндетті түрде көрсетілуі тиіс.";

2. "Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы" 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1, 2017 жылғы 31 наурыздағы № 3 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге):

1) кіріспедегі "конвенциясынан" деген сөзден кейін "(БҰҰ Бас Ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қарарымен қабылданды, Қазақстан Республикасы Конвенцияға Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 247-1 Заңына сәйкес қосылды)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-тармақтағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Адам нақты ұсталғаннан кейін процестік ұсталғаны туралы мәселені шешу және ҚПК-нің 131-бабының талаптарына сәйкес ұстап алу хаттамасын жасау үшін үш сағаттан кешіктірілмей анықтау органының лауазымды адамына, анықтаушыға немесе тергеушіге берілуге тиіс. Күдікті өз денсаулығының жалпы жай-күйін және дене жарақаттарының бар-жоғын анықтау үшін дәрігердің куәландыруына жатады. Медициналық куәландыру қорытындысы міндетті түрде ұстап алу хаттамасымен қоса беріледі.";

3) 4-тармақтағы "қамауға алу" деген сөздер "күзетпен ұстау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-тармақтағы "ұсталған немесе" деген сөздер "ұстап алу хаттамасы жасалған немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-тармақта:

"қамауға алуға" деген сөздер "күзетпен ұстау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жетпіс екі сағаттан" деген сөздер "ҚПК-нің 131-бабының төртінші бөлігінде белгіленген мерзімдерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қамауға алуды" деген сөздер "күзетпен ұстауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 11-тармақта:

бірінші абзацта:

"қамауға алынған" деген сөздер "күзетпен ұсталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаптаулар, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік қолданылғаны немесе адамдық қадір-қасиетті қорлап, жәбір көрсетілгені туралы шағымды прокурор Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркейді және материалды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру үшін жібереді.";

7) 12-тармақтағы "қамауда отырған" деген сөздер "күзетпен ұсталуда отырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Азаптаулар, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік қолданылғаны немесе адамдық қадір-қасиетті қорлап, жәбір көрсетілгені туралы шағым сот отырысында мәлімделген жағдайларда, сот оны дереу қарау үшін заңда көзделген шараларды қабылдауға міндетті. Егер шағымды тексеру үшін соттың құзыретіне кірмейтін шараларды не сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыру қажет болса, сот тексеру материалдарын сотқа табыс ету мерзімін көрсете отырып, тиісті тексеру жүргізуді прокурорға жүктейтін қаулы шығарады.

Тексеруді жүзеге асыру және заңсыз әрекеттер жасаған адамдарды жауапкершілікке тарту іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға әкеп соқпайды.

Сот шағымдарды тексеру материалдарын және олар бойынша прокурор қабылдаған процестік шешімдерді сот отырысында зерттеуге және негіздер болған кезде дәлелдемелерді мүмкін емес деп тану туралы мәселені шешуге міндетті. Шағымдарды тексеру материалдары және олар бойынша қабылданған процестік шешімдер іс материалдарына тіркеледі.";

9) мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Адамның ҚПК-нің 64 және 65-баптарында көзделген өзінің процестік құқықтарын іске асыру мақсатында мәлімдемесінде білдірген оның іс-әрекетін, оған азаптаулар қолданылғаны жөніндегі өтінішін оған азаптаулар қолданылғаны жөніндегі жалған сөз айтқанынан ажырату қажет.

Күдіктінің азапталғаны немесе өзге де қатыгездікпен жәбірленгені жөнінде құзыретті органға жүгінген шағымындағы көрінеу жалған сөзі үшін оның шағымында баяндалған фактілердің расталмауы және сол өтініш бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы негізінде ғана ҚК-нің 419-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға жол берілмейді.

ҚК-нің 419-бабы бойынша адамды көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға қылмыстық жауаптылықтан жалтару мақсатында не өзге себептермен өзіне азаптау қолданылғаны туралы оның тарапынан қасақана жала жабу дәлелденген кезде ғана мүмкін болады.";

10) мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. ҚК-нің 146-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген субъектінің үнсіз келісімі деп анықтауды жүзеге асыратын адамның, тергеушінің немесе өзге де лауазымды адамның не басқа адамның ҚК-нің 146-бабы бірінші бөлігінің диспозициясында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін басқа адамдардың азаптауларды қолдануына келісімінен (мақұлдауынан), оның ішінде үнсіз мақұлдау (басын изеу, ымдау және т. б.) байқалатын әрекетін (әрекетсіздігін), сол сияқты басқа адамдардың құқыққа қарсы әрекеттері туралы хабардар болу кезінде не кейін азаптаулар мен тағы басқалар қолданылғандарға осы адамдарды заңсыз жіберу кезінде әрекетсіздігін түсіну керек.";

11) мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. ҚК-нің 146-бабында және 110-бабы екінші бөлігінің 4) тармағында көзделген іс-әрекеттердің ара-жігін ажырату қажет.

ҚК-нің 146-бабында көзделген норма ҚК-нің 110-бабының екінші бөлігінің 4) тармағында көзделген нормаға қатысты арнайы норма болып табылады. Осыған байланысты ҚК-нің 146-бабы бірінші бөлігінің диспозициясында көзделген барлық белгілер: азаптаулардың арнайы субъектісінің болуы; азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды қорқыту немесе мәжбүрлеу немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеппен жазалау мақсатының болуы анықталған жағдайда, іс-әрекет ҚК-нің 146-бабының диспозициясымен толық қамтылады және ҚК-нің 110-бабының екінші бөлігі 4) тармағы бойынша қосымша саралау талап етілмейді.

Азаптауларды қолдана отырып, тән немесе психикалық зардаптарды шектіру, егер бұл ҚК-нің 146-бабының бірінші бөлігінің диспозициясында көзделген барлық белгілерін қамтыса, ҚК-нің 146-бабының тиісті бөлігі бойынша саралануға жатады және ҚК-нің 110-бабы екінші бөлігінің 4) тармағы бойынша қинау деп сараланбайды.";

12) мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. Азаптағаны үшін кінәлі деп танылған адамдарға жаза тағайындау кезінде соттар ҚК-нің 52-бабының талаптарын негізге алуы және Конвенцияның 4-бабы 2-тармағының әрбір қатысушы мемлекет қылмыстардың ауыр сипатын ескере отырып, осындай қылмыстар үшін тиісті жазалар белгілейді деген ережелерін есепке алуы қажет. Бұл ретте соттар қылмыстық жауаптылықты және жазаны ауырлататын мән-жайлармен қатар ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 7), 9) және 13) тармақтарында көрсетілген: қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі адамға тәуелді адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау; аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинаумен қылмыстық құқық бұзушылық жасау; өзі берген сертін немесе кәсіби антын бұзған адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы жөніндегі мән-жайларды тану туралы мәселені талқылауы қажет.";

13) өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3. "Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы" 2010 жылғы 25 маусымдағы № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1, 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 4, 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге):

1) 6, 7, 8 және 9-тармақтар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
Төрағасы*

Ж. Асанов

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы*

Г. Әлмағамбетова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК